

8- Дәріс

Шағатай тілі сөз таптары

Үстеу

Етістіктермен сын есімдердің сипатын білдіретін сөздер үстеу деп аталады. Түрік тілінде үстеу сөз жасайтын белгілі бір қосымша жоқ. Үстеулер көбіне белгілі бір септік жалғаулары мен есімдіктерден немесе есімшеден пайда болады. Шағатай тілінде үстеулер мекен, мезгіл және әрекет білдіреді. Шағатай тілінде үстеулерді төмендегідей топтастыруға болады.

Мекен үстеулері: *allıda* ‘алдында, қарсысында’, *içkeri* ‘ішінде’, *ilgeri* ‘ілгеріде’, *kérü* ‘кері’, *narı / naru* ‘әрі’, *taşqarı* ‘сыртта, тысқары’, *öte* ‘әрі’, *қоуı* ‘төменде, төменгі’, *utru* ‘қарсы’, *yaqın* ‘жақын’, *yıraq* ‘алыс, ұзақ’.

Мезгіл үстеулері: *ay* ‘ай’, *basa* ‘кейін’, *bıltur* ‘былтыр’, *burna / burun* ‘бұрын’, *émdi* ‘қазір’, *kéçe* ‘түн’, *kéçkurun* ‘ақшам, кешқұрым’, *küntüz* ‘күндіз’, *küz* ‘күз’, *soñra* ‘кейін’, *tañla* ‘ертең’, *yana* ‘қайта’, *yaz* ‘жаз’, *yıl* ‘жыл’.

Шағатай тілінде араб және парсы тілдерінен кірген мезгіл шылаулары едәуір көп. Мысалы: *āñir* ‘кейін’, *dāyım* ‘әрқашан’, *dem-be-dem* ‘анда-санда’, *evvel* ‘бұрын’, *henüz* ‘әлі, қазір ғана’, *māzī* ‘өткенде’, *subh* ‘таңертең’.

Септіктік/септіктен туындаған үстеулер: *ança* ‘осылайша, сөйтіп’, *andağ/k* ‘осылайша, сөйтіп’, *bat* ‘тез’, *yaman* ‘жаман, нашар’.

Мөлшер үстеулері: *artuğ/k* ‘көп, артық’, *asru* ‘көп’, *az* ‘аз’, *besi* ‘көп’, *biraz* ‘біршама’, *bisyār* ‘көп’, *hayli* ‘артық, көп’, *kez* ‘есе’, *köp* ‘көп’, *ükiş* ‘көп’.

Шылаулар (демеулік)

Шылаулар белгілі бір сөздерден кейін келіп сөз тіркесін құрайды және бөлек жазылады. Шылаулар септік жалғауларымен мағынасы беріле алмаған сөздерге қолданылады. Шағатай тілінде шылаулар келесідей топтастырылады.

Жалғаулық шылаулар: *ançaq* ‘бірақ’, *egerçi* ‘егер’, *émdi* ‘қазір’, *қақан* ‘қашан’, *kim* ‘кім’, *meger* ‘екен’, *néteg* ‘қалай, қалайша’.

*egerçi mên bu şanemdin deyin saña endek
anıñki la’l-i lebindin ħacil bu beste be-dām*

*kün çıkıp yılduz kamuñ mensüh bolğan tég қақан
çıktı érse sünnetiñ, mensüh boldı özge dīn*

*rāz-ı ‘ışkımnı néteg bilgeyler ay ārām-ı cān
zāhid mollā vü qādī şeyh ü müftī vü ħātīb.*

Септеулік шылаулар: *ara* ‘ара’, *basa* ‘кейін, сосын’, *bigi / bigin* ‘сияқты/секілді’, *çağlıq/k* ‘сияқты/секілді’, *bile* ‘-мен, бірге’, *birle* ‘-мен, бірге’,

bilen ‘бірге’, *birlen* ‘бірге’, *dæg/k* ‘сияқты/секілді’, *kéyin* ‘кейін’, *kibi* ‘сияқты’, *sarı* ‘жақ, жағында’, *tapa* ‘-ге қарай’, *tég* ‘сияқты/секілді’, *toğru* ‘тура, қарай’, *utru* ‘қарсы’, *üçün* ‘үшін’, *üze* ‘жөнінде’, *üzre* ‘жөнінде, бойынша’.

Semerқandnı alganda basa Kök-Sarāyda toy kılıp vālidemni tahtğa mindürüp ol meclisde zībā şanemlerni keltürüp oğlum Muḥammed Timür Bahādırnı şandalīde olturtup bu gāzelni ayıttım.

*şükrler kıldıñ maña bakıp birev kim yārıdın
küinde bir қатla nazar salğunça **çağlığ** kāmı bar*

*mēni saldı **tapa** mihriñ bu küнге
ulaştı hoş hoş aḥvālim cününge*

*kılgıl āgāz Hüseyñi vü Nevā rāh-ı Hicāz
neyleseñ bāğ-ı bihişt **utru** büzürgān birle.*

Күшейткіш шылаулар: *nē* ‘не’, *nēçe* ‘неше, қаншалықты’, *oқ, öк, dağı* ‘сондай-ақ, тағы, да, де’.

*‘āşıklar meydānın bil kādī Horāsāñi
bu қуynı mēn **oқ** yürdüм kim bilsün ser-i kūyum.*

Талғаулық шылаулар: *hem ... hem* (я, яки), *nē ... nē* (не), *yā ... veyā* (немесе), *yā ... yā* (әлде, немесе).

*nē ḥāl érür bu nē dāne nē gamzedür nē nergis
cānım қуşını zülfiniñ dāmı asrur turur derkār.*

Сұраулық шылаулар: *қас* ‘қанша’, *қасан* ‘қашан’, *қан* ‘қайда, қай жақа’, *қayda* ‘қайда’, *қауи* ‘қайсы, қайда’, *nē* ‘не’, *nēçe* ‘неше, қанша’, *nēçük* ‘қалай’, *nēgü* ‘қалай, неге’, *nēteg* ‘қалай’.

*lāl olur vaşf-ı cemālidin anıñ her dem қalem
hecr derdñi Şībāñi her **қасан** taḥrīr éter*

*mihri kemāl-i fażl-ı ilāhī durur velī
ol fażl **қayda** kābil-i her bü’l-füzüldur*

*Melāliñ zāhir u bilmey sebab cān yétti ağızıma
Nēçük cān élteyin ger қılmasañ izhār bilmes-mēn.*

Қаратпа шылаулар: *ā* ‘а’, *éy* ‘ей’, *hey* ‘ей’, *ya* ‘я, уә’, *eyā* ‘ей’.

*eyā sultān sēni meh-veş eyā dilber sēni Barlas
köñül sēndin ‘aқıl ḥayrāñ saçıñdan ‘anber-efşādur.*


Сілтеуші шылаулар: *muna* ‘міне’, *tā* ‘сонау, сол’, *uṣ* ‘осы’.
nəçe yıl tuğyān u ‘uṣyān tanını kıldım libās
əmdi uṣ tuttum yaqa, estağfiru ’llāh ṣad-hezār.

Қайталама шылаулар: *ḳata* ‘қайта’, *yana* ‘қайтадан’.
yana bir dehr ara žiyā vü zülām
yaruta ḥalḳ ara ṣabāḥ u mesā.

Тапсырмалар:

1. Берілген түпнұсқа мәтінін көшіріп жазыңыз.

Hüseyn-i Baykara Divanı’ndan



(Hüseyn-i Baykara, Divan, Süleymaniye Kütüphanesi,
Fatih Kitaplığı, nr. 3807, 31b)

2. Берілген түпнұсқа мәтінінің транскрипциясын жасаңыз
3. Түпнұсқа мәтінің транскрипциясына қарай отырып морфологиялық талдау жасаңыз
4. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

- 2- نرگس
- 3- عاشق
- 4- بيچاره
- 5- غمگين
- 6- غمزه

- 7- خسته
- 8- سوز
- 9- خبردلىر
- 10- شمشاد

5. Берілген сөздерді араб әріптерімен жазып, жазылуы мен транскрипциясын салыстырыңыз

Ādemī, -ajun, -bēlgūr, -besī, -

boyluq, -cellad, -dāye, -ĥad(d)

hem-sāye, -hergiz, -özge,

qad(d), kattāl, -ĥod-rāy

СМӨЖ Тақырыптары:

1. Жоғарда берілген мәтінге грамматикалық талдау жасау, мәтіндегі парсы, араб, түркі сөздерді тауып белгілеу.
2. Шайбан Хан, Һүсейн Байқара шығармаларына тарихи, мазмұндық талдау жасау.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Eickmann J., аудар: Караағаш G., Ғағатауға El Kitabı, Акса баспасы, Анкара, 2003.
2. Eren, N., Ғағатау Lugatleri Hakkında Notlar, DTСF журналы, №1-2, Анкара, 1950.
3. Нұрмаханова А., Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Алматы, 1971.
4. Шадкам З., Кыдырбаева Ү., «Шағатай тіліне кіріспе». Қазақ университеті. Алматы. 2019.
5. Сыздықова Р.Ф. Текстология мәселелері//Қазақәдебиеті. –1964. – 27 март.
6. Убайдуллаева Г.Ж. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIVғ.) текстологиясы (жәдігерліктіңқазақтілінеқатысы): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. –198 б.
7. Teres, E., Ғағатау Türkçesi Dil Bilgisi ve Metin Çalışmaları, Sürat üniversitesi баспасы, Ыстанбұл, 2013.